

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ (Т2)»
ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ
ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ**

10-сынып

Мазмұны

1.	Бағалау мақсаты.....	2
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	2
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	2
1.3	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	2
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	2
2.1	Бағалау міндеттері.	3
3.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	Балдардың үлестірілуі.....	5
3.2	Емтиханды өткізу тілі.....	5
4.	Емтиханды өткізу процесін басқару	5
5.	Балдарды қою процесі	5
6.	Бағаларды қою процесі	5
6.1	Бағалар сипаттамасы.....	6
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі.....	6
7.1	Емтихан жұмысы. Оқылым мен жазылым.....	7

1. Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

10-сыныптағы «Қазақ тілі және әдебиеті» (Т2) пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары IGCSE бағалау міндеттеріне сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

10-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 9 және 10-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәні бойынша бағдарламаның күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы



Сыртқы жиынтық бағалау критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, оған қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кіреді.

2. Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Емтихан жұмысы. Оқылым мен жазылым	105 минут
Оқылым мен жазылым бойынша емтихан жұмысы міндетті үш бөлімнен тұрады. 1-бөлім тақырыбы бойынша бір-бірімен байланысты бейресми тілде жазылған жалпы көлемі 500 сөзден аспайтын төрт қысқа мәтіндерге негізделеді. Оқушылар 10 тұжырымды төрт мәтіннің бірімен сәйкестендіреді. 2-бөлім көлемі 500 сөзден аспайтын бір мәтінге негізделеді. Оқушылар мәтін бойынша берілген сұрақтарға қысқаша жауап береді. 3-бөлім үш сұрақтан тұрады. Оқушылар таңдау бойынша берілген үш сұрақтың біреуіне жауап береді. Әр сұрақ жанрды, мақсатты және мақсатты аудиторияны анықтайды.	

Оқушылар шамамен 200–240 сөзден тұратын мәтін жазады. Оқылым мен жазылым бойынша емтихан жұмысы оқушылардың тілді қолдана алуы мен мәтінді түсіну дағдыларын (жалпы түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты алу үшін оқу, астарлы мағынаны түсіну үшін оқу, қорытындылау) көрсетуін және белгілі бір мақсат пен белгілі бір аудиторияға сәйкес нақты жаза алу қабілетін бағалайды.
Жалпы балл санының 100%-ы

2.1 Бағалау міндеттері.

1-БМ	Коммуникативтік құзырлық Оқушы: • түрлі ақпарат көздерінен алынған мәтіндердің мазмұнын түсінуі және мәтін бойынша берілген сұрақтарға жауап беруі; • ақпаратты іріктеуі, бағалауы және талдауы, белгілі бір стильде қолдануы, сәйкес деңгей бойынша ұсынуы; • дәлелдер мен идеяларды дәйектілікпен ресімдеуі; • өз көзқарасын білдіре отырып идеяны түсіндіруі, бақылауы, жеке пікірін білдіруі тиіс.
2-БМ	Тілдік құзырлық Оқушы: • қазақ тілінің нормаларын, тиісті лексикалық және синтаксистік құрылымдарды сақтай отырып, қазақ тілін жазбаша түрде тиісті деңгейде меңгеруі; • тілдің лексикалық және грамматикалық нормаларын сақтай отырып, коммуникативті жағдайға сәйкес тілдік құралдар мен әдістерді қолданып, әртүрлі стильде түрлі мәтіндер (әлеуметтік, мәдени) құрастыруы тиіс.
3-БМ	Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі Оқушы: • әлеуметтік және мәдениаралық сұрақтар бойынша өз көзқарасын білдіруі және түсінуі; • қазіргі қоғам және ұлттық мәдениет туралы білімін көрсетуі тиіс.

3. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Емтихан жұмысын барлық оқушылар орындайды.

Оқушыларға 40 балмен бағаланатын 3 бөлім бойынша жауап беруге жалпы 1 сағат 45 минут беріледі. Бұл емтихан жұмысы оқушының оқығанын түсіну дағдыларын (жалпы түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты алу үшін оқу, астарлы мағынаны түсіну үшін оқу, қорытынды жасай алу) сондай-ақ тақырыпқа сәйкес ойы мен идеяларын жазбаша түрде нақты, дәйекті дәл ұйымдастырып, жүйелі жеткізе алу қабілеттерін бағалайды.

Бөлім	Бағалау міндеттері	Балл саны	Сипаттамасы
1	1-БМ 3-БМ	10	Тапсырма тақырыбы жағынан байланысты жалпы көлемі 500 сөзден тұратын төрт қысқа мәтінге негізделеді. Оқушылар берілген 10 пікірдің қай мәтінге қатысты екенін анықтайды. Қолданылатын мәтін түрлеріне бейресми, ұқсас тақырыптағы мәтіндер, мысалы, хат, электрондық хат, блогтар жатады. Әр мәтін деректер мен көзқарастар бірлігін қамтиды.
2	1-БМ 2-БМ 3-БМ	10	Тапсырма көлемі 500 сөзден тұратын мәтінге негізделеді. Оқушылар мәтінге қатысты он сұраққа қысқаша жауап береді, жауапты толық сөйлем түрінде беру міндетті емес. Екінші тапсырмада қолданылатын мәтін репортаж үзіндісі, әңгіме немесе жаңалықтар туралы мақала сияқты дереккөздерден алынады. Оқушылар мәтіндегі оқыған ақпараты бойынша негізгі ой мен мәліметтерді тауып, қорытынды жасаулары керек.
3	1-БМ 2-БМ 3-БМ	Барлығы 20 балл, оның ішінде 10 балл мазмұны мен ұйымдастырылуы, 10 балл тілдің әртүрлілігі мен нақтылығы	Оқушылар ұсынылған үш сұрақтың біреуін таңдап, 200–240 сөзден тұратын мәтін жазады. Әр сұрақ жанрды (мысалы, әңгіме, эссе, шолу, пікір, іс-шараны баяндау), мақсатты және мақсатты аудиторияны анықтайды.
	Барлығы	40	

3.1 Балдардың үлестірілуі

Жалпы бағалау мен әр емтихан тапсырмасы үшін қойылған балл саны төменде пайыздық шамамен берілген.

Бағалау міндеттері	Емтихан жұмысы. Оқылым мен жазылым
1-БМ Коммуникативтік құзырлық	20
2-БМ Тілдік құзырлық	10
3-БМ Мәдениаралық құзырлық және заманауи қоғам туралы білімі	10
БАРЛЫҒЫ	40

3.2 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде өтеді.

4. Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі баптарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау.

5. Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын Аттестациялық комиссия арқылы жүзеге асырылады. Емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады.

Балл қою кестесінің стандартталуы мен дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6. Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі.

Баға	Сипаттамасы
А	Оқушылар өздерінің жетік деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді түсінеді және оларға сәйкесінше жауап береді; • қажетті стильде жазылған түрлі тақырыптарға қатысты ақпараттарды нақты ұсынады және талдайды; • ұлттық және мәдени мәселелермен қатар басқа да тақырыптарға бақылау жасайды және жеке көзқарасын нақты, айқын білдіреді; • лексикалық және тілдік құрылымдарды кеңінен қолданып, тілді меңгергенін нақты, орынды көрсетеді.
С	Оқушылар қанағаттанарлық деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • бірнеше дереккөздерден алынған жазбаша мәтіндерді түсінеді және сәйкесінше жауап береді; • түрлі тақырыптарға сәйкес ақпаратты талдайды және ұсынады; • ұлттық және мәдени мәселелермен қатар басқа да тақырыптарға бақылау жасайды және жеке көзқарасын білдіреді; • кейбір лексикалық және тілдік құрылымдарды қолданып, тілді меңгергенін көрсетеді.
Е	Оқушылар шектеулі деңгейдегі қабілеттерін көрсетеді: • түрлі дереккөздерден алынған жазбаша мәтіндерді түсінеді және жауап береді; • түрлі тақырыптарға сай ақпаратты ұсынады; • ұлттық және мәдени мәселелермен қатар басқа да тақырыптарға бақылау жасайды және жеке көзқарасын білдіреді; • шектеулі лексикалық және тілдік құрылымдарды қолданып, тілді меңгергенін көрсетеді.

7. Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Балл қою кестесі екі түрге бөлінеді: жалпы және нақты.

Жалпы балл қою кестесі сыртқы жиынтық бағалау кезінде бірыңғай қолданылады және жеке сұрақтың нақты мазмұнына сілтеме жасамайды.

Нақты балл қою кестелері тапсырмаға байланысты әртүрлі болады. Бірінші тапсырмаға арналған нақты балл қою кестесі сұрақтың нақты жауабын қамтиды. Оқылым және жазылым бойынша емтихан жұмысының екінші тапсырмасына арналған балл қою кестесі сұраққа жауаптың болжамды мазмұнын көрсетеді және белгілі бір сұрақ үшін арнайы жазылады. Нақты балл қою кестесі емтихан алушыларға үлгі ретінде ғана қолданылуы керек. Емтихан алушылармен өткізілетін үйлестіру жиналысында басқа қолайлы жауап нұсқалары талқыланады.

Төменде мысал ретінде сұрақтар көрсетілген.

Әрбір сұрақтың соңында оған берілетін балл көрсетілген, мысалы [2].

7.1 Емтихан жұмысы. Оқылым мен жазылым

1–бөлім

Электрондық сауданың тиімділігі туралы газеттен алынған төрт мәтіннің үзіндісін оқыңыз.

1–10-сұрақтардың қай кейіпкерге сәйкес келетінін таңдаңыз (А, Ә, Б немесе В). Әр әріпті бірнеше рет қолдануға болады.

- 1 Мен өз тәжірибемді арттырып отырамын.
- 2 Интернет-тауарды жеткізудің бірнеше тәсілі бар.
- 3 Тауарға қатысты мәліметтерді мұқият қарастырған дұрыс.
- 4 Әр әлеуметтік желінің өз аудиториясы бар.
- 5 Жұмысбасты адамның сауда орындарын аралауға уақыты жоқ.
- 6 Интернет арқылы түрлі сауда-саттық операцияларын жасауға болады.
- 7 Интернет саудагерлерді көпшілікке танымал етеді.
- 8 Интернеттің заманауи қызметтерін қолданған дұрыс.
- 9 Алданып қалған адамдар да жетерлік.
- 10 Интернет сауда қолайлы деп есептеймін.

[10 балл]

А Ақнұр

Мен интернет сауда жүргізушілерінің бірімін. Ол үшін интернетке қосылған компьютер қажет. Бұл жұмысқа күніне бар болғаны екі-үш сағатымды арнаймын. Интернет қолданушы ретінде менің бір түйгенім, facebook – салмақты адамдар пікірлесетін орта. ВКонтакте желісінде негізінен жастар көп сөйлеседі. Ал инстаграмды жалпы көпшілік қолданады екен. Мен интернет қолданатын ортаны зерттей келе, инстаграмға тоқтадым. Ол жерден бірнеше парақша ашып, біреуін жекеге, қалғандарын жұмысқа арнап қойдым. Мұнда скайп арқылы мен сияқты интернет-менеджерлерге түрлі онлайн-вебинарлар өтеді. Соларға уақытында қатысып, білімімді жетілдіріп отырамын. Ондай вебинарлар интернетте қалай жұмыс істеу керегін тиімді тәсілдер арқылы түсіндіреді, үйретеді. Сондай-ақ тапсырыс қабылдаймын, хабарландыру беру арқылы басқа адамдарды маған тапсырыс жинап беруге тартамын. Бір сөзбен айтқанда, менің кеңсем – интернет. Қосымша табыс тапқысы келетін өзге адамдарға көмектесу арқылы интернет-сауда ұйымдастырамын, себебі бұл – заман талабы.

Ә Әйгерім

Қазір интернет-дүкендердің де айы оңынан туып тұр. Бұрын сауда орындарының жарнамасы газет пен теледидар немесе радио арқылы таралатын. Енді сауда нүктелері мен шағын дүкендерге дейін интернетке жарнама берсе, олар бүкіл әлем назарына іліге

алады. Дүкендерді аралап жүруге уақытыңыз болмаса, үйіңізде немесе кеңседе отырып, қалаған затыңызға тапсырыс беріңіз. Үйіңізге әкеліп берген курьерге ақшасын қолма-қол төлеп, қағазына «алдым» деп қол қойып бересіз. Бұған бар болғаны бірнеше сағат уақытыңыз кетуі мүмкін.

Мен өзім «Вопrix» интернет-дүкені арқылы көйлек пен сөмке сатып алдым. Әуелі интернеттегі тауарлардың суреттерін көріп шықтым. Телефон арқылы арнайы хабарласып, тапсырыс бердім. Тапсырыс қабылдаған адамға киімнің өлшемін, сөмкенің түсін айттым. Тауар маған «Қазпошта» бөлімі арқылы жетті. Төлемді тауар қолыма тиген соң, поштаға төледім.

Б Бақыт

Жастардың көбі интернеттегі әлеуметтік желілерді тиімді пайдаланады. Мен де қолым сәл босаса, ВКонтакте және инстаграмды шарлаймын. Ол жерде Қазақстан жұлдыздарының және түрлі сауда нүктелерінің парақшаларын қызықтаймын. Мысалы, былтыр инстаграмнан фурнитура сататын дүкендердің парақшаларына өтіп, бағаларын сұрап, кейін сол жерге барып, сан алуан бисер сатып алдым. Сіңлілеріме, құрбыларыма түрлі білезіктер тоқып бердім. Сондай-ақ жақында бір сауда орталығының интернет-дүкені арқылы косметикаға тапсырыс бердім. Өздері жеткізіп берді. Ақшасын тауар қолыма тиген соң төледім. Алдын ала дүкен парақшасында жазылған пікірлермен, тауардың сапасымен танысып, кімдерге не сатқандығын білген артық етпейді, өйткені кейде тауар көңіліңізден шықпай қалатын кездер де болады. Қалай болғанда да, осындай қызмет түрі мен үшін ыңғайлы. Күн ұзақ жұмыста жүрген адамның дүкенге баруға қолы тие бермейді.

В Вероника

Интернетте сауда жасау – сауда саласындағы жаңа әдістің бірі. Шынында да, интернеттің жаңа мүмкіндігін неге пайдаланбасқа? Қолында интернетке қосылған ұялы телефоны бар кез келген адам қазір мобильді қосымшалар арқылы үйінде отырып-ақ хабарландырулар бере алады немесе өзіне қолайлы уақытта қалаған тауарын іздей алады. Мысалы, ұялы телефоныңызға «Google.play» арқылы «olx» мобильді қосымшасын жүктеп алып, коттедж керек пе, пәтер қажет пе, әлде тұрмыстық бұйымдар іздедіңіз бе – бәрін осы жерден сатып жіберуіңізге не сатып алуыңызға болады.

Мен былтыр «Witt international» интернет-дүкенінен киім алдым. Өлшемі құйып қойғандай дәл болды, алайда мен мұндай дүкендердің барлығына бірдей сене бермеймін. Әуелі зерттеп алып, тапсырыс беру керек деп ойлаймын. Қазір не көп, оңай жолмен ақша тапқысы келетін алаяқтар көп. Арамызда алаяқтарға тап болып, сұраған тауарын немесе жіберген ақшасын ала алмай, бармақ тістеп қалып жатқандар да кездеседі.

Балл қою кестесі

1-бөлім

Сұрақ	Жауап
1	А
2	Ә
3	Б
4	А
5	Б
6	В
7	Ә
8	В
9	В
10	Б

[Барлығы 10 балл]

2–бөлім

Отбасы мен бизнесті қатар алып жүрген әйел туралы мақаладан үзінді оқыңыз және мәтіннен кейін **(11-20)** сұрақтарға жауап беріңіз. Сөйлемді толық жазудың қажеті жоқ.

Кейіпкерім, Жанар Қуанышева, кәсібін дөңгелетіп отырған іскер әйел. Алғашында бес баланың анасы балаларының қабілеттерін дамытатын орталықтар іздейді. Көп ізденістен түйгені, қазақ тілінде қазақы тәрбие бере отырып, баланы дамытатын орталықтар аз екен. Мұны үлкен қателік деп есептеген Жанар оны түзетудің жауапкершілігін өз мойнына алады. Ол көп ізденіп, ақырында шешімін де табады. Содан кейін баланың көшбасшылық қабілетін арттырып, өнер мен шығармашылыққа баулитын ерекше әдістеме құрастырады. Ынта мен жігерге толы көп балалы ана кәсібіне бірден кірісіп, бизнес жоспарын құрады. Білімі мен білігін ұштастырып, белсенділігінің арқасында байқаудан сүрінбей өтеді. Осылайша мемлекет грантын жеңіп алып, кәсіпкер атанды.

– Кез келген ата-ана баласының қабілетті, өз ортасында беделді болғанын қалайды. Өмірге келген әр баланың өзіндік ерекшелігі болады. Ата-ана сол ерекшелікті дер кезінде байқап, әрі қарай шыңдалуына жол ашуы керек. Сонда ғана жеке тұлғаны тәрбиелеу ұтымды болмақ. Қоғам да бұл процестен сырт қалмауы керек. Біздің «Дарын» дамыту орталығының көздегені де осы. Баланы шығармашылыққа баулуды сәби кезінен бастаған тиімді, – дейді кейіпкеріміз.

Жанардың жасы әлі қырыққа да толмаған, тұңғышы қазір АҚШ-та білім алып, жұмыс істеп жатыр. Бір қызы – Лондон мен Париж жұртшылығы алдында өнер көрсетіп, қазақтың қобызын танытып жүрген өнерпаз. Үйдегі өзге балалар да өнерге жақын. Мысалы, Жанардың үлкені пианинода еркін ойнағандықтан, одан кейінгі бауырлары да аспапты тез меңгеріп алды. Сондай-ақ қыз балалар кесте тігіп, тоқыма тоқуды бір-бірінен үйренді. Одан бөлек әр баланың қызығушылығы әртүрлі. Бірі киім үлгілерінің үздігі атанғысы келсе, енді бірі – қылқаламның шебері.

– Баланы дамыту орталығына беріп, сонымен іс бітті деп ойлау – қате. Сәби көргенін істейді. Ол ата-анасының әрбір қылығы мен дағдыларын еріксіз өз бойына сіңіреді. Үйдегілер ұрпағының дұрыс тәлім-тәрбие алғанын қаласа, алдымен өздерін тәрбиелеуі керек. Біздің орталық ата-анаға да аптасына бір рет дәріс, тренингтер өткізіп, көшбасшы болуды үйретеді, – дейді Жанар. Іскер ана өз ісі арқылы алдымен әр үйдің баласын, одан кейін оның ата-анасын, сол арқылы қоғамды тәрбиелегісі келеді.

Кейіпкеріміз «Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген мақалды өмірлік ұстанымы етіп алған. Оның пікірінше, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсетіп, отағасын қадірлеуді үйрететін қазақы тәрбиеден артық еш нәрсе жоқ. Жанардың ұғымынша отбасында отағасы қашан да биік тұрғаны жөн. Олардың отбасында әкеге деген құрмет жоғары бағаланып, ер адамның рөліне баса назар аударылады. Әйел адам кәсіпкерлікке кетсе де, онысы отбасына кері әсерін тигізбеуі керек. Бизнестегі әйел отбасылық міндетін де қатар алып жүруі тиіс.

Жанар осы орталықты ашып, балаларға тәлім-тәрбие берумен қатар, 23 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ол өзінің ұжымында моральдік-психологиялық жағдай жасауға тырысады, себебі жағымды ортада ғана жұмыс өнімді болады. Қол астындағы қызметкерлерін қолдай отырып, жұмысына жауапкершілікпен қарайтын қызметкерлерін марапаттап отыруды да ұмытпайды.

Жанардың ұжым басқарудағы тәжірибесіне ықпал еткен – жолдасы Нұрлан.

– Қаншама жыл сауда саласында қызмет еткенде, адал еңбегімен ешкімнің ала жібін аттамады. Нұрланның адамгершілігі жоғары. Менің жұмысқа деген ықыласыма да сыйластықпен қарады, кейде жұмыстан шаршағанда жігерлендіріп те отырады, – дейді іскер әйел өмірлік серігі туралы. Бірлік пен берекеде, сыйластықта өмір сүру – отбасы бақытының кілті. Ал бақытты отбасы болашақта ұлы тұлғаларды дүниеге әкелуге қабілетті болмақ.

- 11 Жанар Қуанышева кәсіпкерлікке қалай келді?
..... [1]
- 12 Ол мемлекеттен қаржылық қолдау алу үшін не істеді?
..... [1]
- 13 Кейіпкердің пікірінше, ата-ананың міндеті қандай? **Бір** мысал келтіріңіз.
..... [1]
- 14 Жанардың мақсатының орындалғанын қалай білеміз?
..... [1]
- 15 Көп балалы отбасындағы балалардың артықшылығы неде? **Бір** артықшылықты атаңыз.
..... [1]
- 16 Жанар бала тәрбиелеуден басқа қандай тәрбиелік шаралар атқаруда?
..... [1]
- 17 Жанардың «гендерлік теңдік» ұғымына көзқарасы қандай?
..... [1]
- 18 Кәсіпкер әйелдердің ерекшелігі неде?
..... [1]
- 19 Жанардың ұжымды басқарудағы принципі қандай?
..... [1]
- 20 Нұрланның Жанарға қандай көмегі тиді?
..... [1]

[Барлығы 10 Балл]

Балл қою кестесі

2–бөлім

Төменде сұрақтарға сәйкес келетін жауаптар ұсынылған. Осы мағынаны беретін жауаптардың басқа нұсқаларын да қолдануға болады. Әрбір дұрыс жауапқа бір балл қойылады.

Сұрақ	Жауап
11	өз балаларының қабілетін дамыту үшін/ қазақ тілінде қазақы тәрбие беретін орталықтар аз болғандықтан
12	көшбасшылық қабілетті арттырып, өнер мен шығармашылыққа баулитын ерекше әдістеме құрастырды/ бизнес жоспар құрды/ байқаудан өтті
13	бала бойындағы ерекшелікті анықтауы керек/ шындалуына жол ашуы керек
14	тұңғышы қазір АҚШ-та білім алып, жұмыс істеп жатыр/ бір қызы – Лондон мен Париж жұртшылығы алдында қобыз тартып жүр/балалары өнерлі
15	бір-бірінен үйренеді, үйретеді/үлкені пианинода ойнауды бауырларына үйретеді/ қыздары кесте тігіп, тоқыма тоқуды бір-біріне үйретеді
16	ата-анаға да аптасына бір рет дәріс, тренингтер өткізеді/ ата-анаға көшбасшы болуды үйретеді/ата-ана арқылы қоғамды тәрбиелейді
17	қарсы/ отағасы қашан да биік тұрғаны/ әкеге деген құрмет жоғары/ ер адамның рөліне баса назар аударылады
18	бизнесі отбасына кері әсері тимеуі керек/ отбасылық міндетін қатар алып жүруі тиіс
19	ұжымға моральдік-психологиялық жағдай жасау/ қызметкерлерді марапаттап отыру
20	ұжымды басқару тәжірибесіне ықпал етті/ жұмысына қолдау көрсетті / жігерлендірді

[Барлығы 10 балл]

3–бөлім

Берілген сұрақтардың (1-3) біреуін таңдап, жауап жазыңыз. Сөз көлемі 200-240. Жауабыңыз тиісті стильде берілуі тиіс.

1. Қазақ тілі сабағында мұғаліміңіз «Табысты адам болу үшін шешен сөйлеу маңызды ма?» тақырыбында эссе жазуды тапсырды. Берілген сұрақ бойынша өз ойыңызды дәлелдеп эссе жазыңыз.

[20]

2 Сіз ғаламтордан «Жасанды интеллект – ХХІ ғасыр қажеттілігі» деген тақырыпта мақала оқыдыңыз. Әлеуметтік желідегі парақшаңызға осы мәселе туралы пікіріңізді жазыңыз.

[20]

3 Мектебіңізде құқық қорғаушылармен бірге дөңгелек үстел өтті. Осы кештің қорытындысы ретінде жастар арасындағы қылмыс туралы мектепішілік газетке мақала жазыңыз.

[20]

Балл қою кестесі

3-бөлім

Мазмұны және жауаптың ұйымдастырылуы	Тілдің әртүрлігі мен нақтылығы
9-10 Өте жақсы Мазмұны ұлттық және мәдени мәселелерді қамтитын мәтін мақсатына толық сәйкес келеді және арнайы аудиторияға бағытталған. Қарапайым және күрделі идеяларды дәлелдерімен тиімді аша білген. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жоғары деңгейде, таңдалған форматқа (жанрға) толық сай келеді.	9-10 Өте жақсы Күрделі тілдік формаларды /риторикалық сұрақтар, көркемдегіш құралдар, тұрақты тіркестер, күрделі оралымдар, қанатты сөздер/ дұрыс және сәйкес келтіріп жазған. Грамматикалық құрылымдарды (етістіктің түрлері, шақтары, жалғаулар, сөздердің орын тәртібі) үнемі дұрыс қолданады. Күрделі ой білдіруде құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін шебер қолданады. Сөздік қоры мол, стильдік қолданысы дұрыс. Ойы нақты және жүйелі жеткізілген. Елеусіз қателері бар.
7-8 Жақсы Мазмұны ұлттық және мәдени мәселелерді қамтитын мәтін мақсатына жалпы сәйкес келеді және арнайы аудиторияға белгілі деңгейде бағытталған. Қарапайым және күрделі идеяларды жақсы аша білген. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы жақсы деңгейде, негізінен таңдалған форматқа (жанрға) сай келеді.	7-8 Жақсы Тілдік формаларды /риторикалық сұрақтар, көркемдегіш құралдар, тұрақты тіркестер, күрделі оралымдар, қанатты сөздер/ көбіне дұрыс қолданған. Грамматикалық формаларды (етістіктің түрлері, шақтары, жалғаулар, сөздердің орын тәртібі) дұрыс және сәйкес келтіріп жазған, сөздік қорды пайдаланады. Ойын жеткізуде құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін қолдануға талпыныс жасайды. Стильдік қолданысы дұрыс. Жалпы ойы нақты. Елеусіз қателері ақпарат беруге кедергі келтірмейді.

5-6 Қанағаттанарлық Мазмұны ұлттық және мәдени мәселелерді көрсетуге талпыныс жасаған. Мәтін мақсатына көп жағдайда сәйкес келмейді және арнайы аудиторияға шектеулі деңгейде ғана бағытталған. Қарапайым идеяларды ашқанымен, ойын жеткізуі шектеулі. Жазба жұмысының құрылымы мен жазылуы дұрыс, таңдалған форматқа (жанрға) кей кезде сай келмейді.	5-6 Қанағаттанарлық Қарапайым тілдік формаларды көбіне дұрыс қолданады. Грамматикалық формаларды (етістіктің түрлері, шақтары, жалғаулар, сөздердің орын тәртібі) қолдануға тырысады. Сөздер мен сөйлемдердің стильдік қолданысы көп жағдайда дұрыс бола бермейді. Сөздік қоры шектеулі немесе сөз қайталаулары кездеседі. Жіберілген қателері мазмұнды түсінуге кедергі келтірмейді.
--	---

3-4 Төмен Мазмұн кей кездерде мәтін мақсатына сәйкес келмейді. Арнайы аудиторияны ескермеген. Тек қарапайым идеяларды ғана ашады. Көтерілген мәселені тар ауқымда шектеулі деңгейде қарастырған. Таңдалған форматтың (жанрдың) кейбір ерекшеліктерін ғана қамтиды. Тапсырма нұсқаулығын түсінбей тақырыптан ауытқыған.	3-4 Төмен Сөздік қоры шектеулі, үнемі жай сөйлемдерді қолданады. Қайталаулар көп, сөздік қоры жеткіліксіз. Тілдік және грамматикалық құрылымдарды қате қолдануы жазылым жұмысының стилін анықтауда қиындық келтіреді.
1–2 Өте төмен Жауап түсініксіз, тақырыпқа байланысты ойлар аз, дәлелдер мүлдем кездеспейді. Мәтіннің құрылымы дамымаған және таңдалған формат (жанр), мақсат және аудитория ескерілмеген.	1–2 Өте төмен Тек қарапайым сөйлемдер мен шектеулі сөздік қорды қолданады, көп құрылымдары аяқталмаған және қате. Тілдік және грамматикалық құрылымдарды қате қолдануы мәтін мазмұнын түсінуге қиындық келтіреді.
0 Жауабы жоқ.	0 Жауабы жоқ.

